

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

(Косымша 7)

Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің  
2015 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 281 бұйрығы

**2020 жылдан бастап қазақстандықтарға екі пакет бойынша медициналық көмек көрсетіледі:**

- ⊕ *Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі ( ТМККК) – қоғамдағы әлеуметтік маңызды ауруларды бақылауға бағытталған және медициналық көмектің ең төменгі көлемі;*
- ⊕ *Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) - адамның өмір сүру сапасын жақсартуға арналған медициналық көмек. **БОЛАШАҚ ҮРПАҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ.***
- ⊕ *Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ТМККК аясында **БАРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚҚА**, оралмандар мен Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге **МӘМС жүйесіне** қатысқанына қарамастан **ТЕГІН** және **КОЛЖЕТИМДІ** болады.*
- ✓ **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)** – бұл учаскелік дәрігер, медбике, психолог, әлеуметтік қызметкер, отбасы және қоғам дәңгейінде көрсететін қолжетімді медициналық қызметтер кешені, тәулік бойы медициналық бақылауды қажет етпейтін дәрігерге дейінгі немесе бейінді медициналық көмек.

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

**МСАК ДЕНГЕЙІНДЕ ҚЫЗМЕТ АЛУ ҮШІН ӘРБІР АЗАМАТ ТҮРФЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ЕМХАНАГА  
ТІРКЕЛІП, ӨЗІНІҢ УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРІН БІЛУІ ТИС!**

## МСАК мекемелеріне тіркелу:

- ✓ тұрақты немесе уақытша тұратын жері, жұмыс, оқу орны бойынша тіркелу қажет және бір ғана МСАК үйымын таңдайсыз;
- ✓ емханаға тікелей немесе жазбаша өтініш қалдырып (зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін), еркін формадағы өтініш және жеке басын күеландыратын құжат (жеке күәлік, паспорт, туу туралы күәлік, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген өзге де құжат) негізінде, емхананың жұмыс кестесіне сәйкес кез келген құнтізбелік уақытта;
- ✓ ХҚКО арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда "электрондық үкімет" порталы арқылы.
- ✓ Белгілі бір әкімшілік-аумақта 15 қыркүйектен 15 қарашага дейін жылына бір рет дәрігерді, медициналық үйымды еркін таңдауға құқылы;
- ✓ шекара маңындағы аумақтарда тұратын азаматтар басқа елді мекендегі ең жақын емханаға тіркеле алады;

- емхананың қызмет көрсету аймағын қолжетімділігіне қарай облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сактау басқармасы анықтайды. Ал тіркелген халықты участекелер бойынша емхана басшысы бөледі;
- медициналық көмектің аумақтық қолжетімділігі;
- МСАК үйымын еркін таңдау;
- МСАК маманың еркін таңдау (жалпы практика дәрігері, участекелік терапевт, участекелік педиатр);
- отбасылық қызмет көрсету;
- пациенттің медициналық көмек сапасын;
- меншік нысанына және қай ведомствоға тиесі екеніне қарамастан МСАК үйымдарының құқығы бірдей және әділ бәсекелестік;
- әкімшілік-аумақтың бірлік қайта үйымдастырылған немесе таратылған жағдайда МСАК үйымдары.

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

## Медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі:

- **шүғыл жағдайда** – шүғыл медициналық көмек адамның тіркелген жеріне немесе медициналық сақтандыру жүйесіне (МӘМС) қатысуына қарамастан көрсетіледі;
- **жоспарлы түрде** – тіркелген жердегі емханаға алдын ала жазылған жағдайда МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан көрсетіледі.

## МСАК аясында:

- Профилактика және сауықтыру;
- диагностика және емдеу;
- динамикалық бақылау;
- медициналық оқалту;
- паллиативтік көмек қызметтері;
- еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтама беру үшін сараптама жасау.

## **Мындағанда емханаға жүгінуге болады:**

### **Аурулар:**

- Жіті аурулар (жағдайы), созылмалы аурудың асқынуы;
- Әлеуметтік-манызды аурулар тобына кіретін дерптің белгілерін байқасаңыз;
- Ауруға байланысты қашықтықтан кеңес беру;
- актив;
- медициналық оқалту(3 кезең);
- стоматологиялық көмек;

### **Травма:**

- ауыр жарақат (травмпункт, амбулаториялық-емханалық үйим);
- жарақат (AEY);

### **Динамикалық (диспансерлік) бақылау:**

- созылмалы ауруларды динамикалық бақылау (оның ішінде денсаулықты басқару бағдарламасы -ДББ);

### **Медициналық-әлеуметтік қызметтер:**

- медициналық-әлеуметтік қолдау;

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- психологиялық қолдау;

### **Әкімшілік:**

- медициналық-әлеуметтік сараптамаға құжаттар дайындау;
- рецептер жазып беру

- патронаж;
- отбасын жоспарлау, жүктілікті қауіпсіз әдіспен тоқтату, репродуктивті денсаулыққа қатысты қызметтер;
- антеннаталды және постнаталды бақылау кезінде қабылдау;
- оқушылардың денсаулығын сақтау (мектеп медицинасы);
- салауатты өмір салтын сақтауға қатысты іс-шаралар;
- ақылы медициналық тексеру;
- стоматологиялық қызметтер.

### **Профилактика:**

- профилактика үшін тексерілу;
- иммунопрофилактика;
- скрининг (профосмотр);

### **Мамандар үйге келіп қызмет көрсету үшін:**

#### **Участеклік медбике немесе фельдшер**

- Жәрдемге шақырғанда дене қызуы 38°C асса;
- Артериалық қысым көтерілсе;
- жайсыздық, ауырып қалса, түрлі жарақат (*есін жоғалтпаган жаңдайда, қан кетсе, бірден жағдайы нашарласа*), үйге медициналық көмек пен консультация қажет болғанда.

#### **учасеклік дәрігер**

- айналасындағыларға қауіп төндіретін жағдайда (жүқпалы дертке шалдыққан науқаспен байланыста болса, денеге еш себепсіз бөртпе шықса; инкубациялық кезең аяқталғанға дейін инфекциялық аурулар);
- вакцинациядан кейін жағдайы күрт нашарласа;
- жәрдемге шақырған кезде участеклік медбике немесе фельдшер тіркеу кезінде науқастың жағдайына қарап, дәрігер үйге келіп қызмет көрсету керек пе, соны анықтайды .

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

## ЭРБІР АДАМҒА кепілдік берілген:

- Ауруды ерте анықтауға арналған профилактикалық тексеру;
- Анықталған қауіп-қатерді төмендету;
- иммундау;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру және насиҳаттау;
- Репродуктивтік денсаулық сақтау іс-шаралары;
- Отбасын жоспарлау бойынша кенес беру және қызмет көрсету;
- Жыныстық жолмен жүгатын инфекциялық ауруларды анықтау және профилактика;
- әйелдердің репродуктивті органында кездесетін онкологияның алдын алу (жатыр мойны және сұт безі обыры);
- экстрагениталды патологиясы бар фертильді жастағы (15-тен 44 жасқа дейін) әйелдерді динамикалық бақылау;
- жүқпалы аурулардың алдын алу (сырқатты дер кезінде анықтау, індettің санитарлық-алдын алу және анықтау ошақтарында іс-шаралар жүргізу).

## ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ:

- антенаталды (өз еркімен) бақылау;
- босануға және босанған әйелге серіктес болуға дайындау;
- жедел медициналық жәрдемді қоспағанда, денсаулығы нашарлаған жағдайда үйде қызмет көрсету;
- босанған кейін ұзак уақыт өткен соң да көмек көрсету;
- патронаж - медициналық қызметкерлер үйге келіп профилактикалық және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Әмбебап (міндettі) **ПАТРОНАЖ** бойынша медицина қызметкери үйге 2 рет келеді:

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

- ❖ **бірінші** - жүкті әйел 12 аптаға дейін тіркеуге тұрғаны туралы ақпарат түскеннен кейін 8-10 күн ішінде
  - болашақ анаға кеңес беру және қолдау;
  - болашақ ана мен баланың денсаулығына төнген қауіп-қатерді алдын ала анықтау;
  - ұсынымдар;
  - ата-ананың денсаулығын тексеру және олардың бойында жаман әдеттер (темекі шегу, спирттік ішімдік ішү) бар ма, соны анықтау;
  - жүктіліктің ерекшелігін бағалау;
  - макронутриентті тапшылықтың алдын алу (дұрыс тамақтанбау, темір тапшылығы анемиясы);
  - туберкулезге қарсы профилактика.
- ❖ **прогрессивті патронаж** жүкті әйелдің өміріне, денсаулығы мен қауіпсіздігіне медициналық немесе әлеуметтік қауіп төніп тұрғаны анықталған жағдайда көрсетіледі.
- ❖ **екінші** – жүктіліктің 30-32 аптасына дейін.
  - Жүкті әйелдің дәрігер жазып берген кеңестердің және босанғанға дейінгі алғашқы патронаж ұсынымдарының орындалуын бақылау, отбасын баланың дүниеге келу сәтіне дайындау, серіктестік босану туралы ақпарат;
  - Ананы баланы емізуге дайындау;
  - Жаңа туған балаға арналған жатын орын дайындау (орын, кереует, төсек, киім және тағы басқа заттар);
  - Отбасы мүшелері мен жақын көршілердің арасынан жүқпалы және созылмалы ауруы бар адамдарды анықтау.

## БАЛАЛАРҒА

➤ консультациялық, диагностикалық, емдік көмек, диспансерге тіркеу және медициналық оңалту емі;

➤ қажет болған жағдайда бейінді мамандар консультациялық кеңес береді;

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- жіті және созылмалы ауруларды ерте анықтау, дер кезінде шүғыл және жоспарлы көмек көрсету;
  - тәулік бойғы, күндізгі стационарға жолдама беру, қажет болған жағдайда үйде стационар үйимдастыру;
  - диспансерлік тіркеуде тұрған созылмалы ауруы бар балаларды динамикалық бақылау, емдеу және сауықтыру;
  - қалпына келтіру емі және медициналық оңалту;
  - балалардың туа біткен патологиясын және психофизикалық дамуының, көру және есту функцияларының бұзылуын анықтау үшін скринингтік тексерулер жүргізу;
  - балаларды мектепке дейінгі мекемеге және мектепке барап алдында сауықтыру;
  - ата-аналарды, отбасы мүшелерін немесе балалардың занды өкілдерін дұрыс тамақтану, балалар арасындағы аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыруға қатысты ақпараттандыру;
  - жаңа туған бала 3 жасқа толғанша участекелік медбикенің патронаждық бақылауында болады:
- 1. перзентханадан шыққан соң алғашқы 3 күнде
  - 2. 7 күні
  - 3. 1-2 айға толғанда
  - 4. 3 айға толғанда
  - 5. 6 айында
  - 6. 12 айға толғанда
  - 7. 18 айға толғанда
  - 8. 24 айға толғанда
  - 9. 36 айға толғанда
- егер баланың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы қауіп-қатер анықталса, мамандар үйге жиі келеді;
  - қажет болған жағдайда балаларға 1 жасқа дейін емшек сүтін алмастыратын тағам беріледі, бенилкетонуриямен ауыратындар - мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етіледі;
  - 5 жасқа дейін баланың жағдай нашарласа, медицина қызметкерлері міндетті тұрде үйге келіп көмек көрсетеді.

---

**Әмбебап (міндетті) ПАТРОНАЖ жаңа туған балаларға:**

## МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)

- 1 жасқа дейін балаларға потранаж көмегі көрсетіледі және 1,3,6 пен 12 айда медбике 4 рет үйге келеді:
  - баланың физикалық, моторикалық, психоэлеуметтік дамуына мониторинг;
  - қауіп-қатердің жалпы белгілерін, аурудың негізгі симптомдарын және бактериялық инфекцияны (жәтел, диарея, қызба және т. б.), анемия және салмағын тексереді де, баланың жағдайы жайлы дәрігерге хабарлайды;
  - депрессияны анықтау мақсатында анасының (ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің) көңіл-күйін бақылайды; жасына байланысты баланың қажеттіліктерін; жарақаттар мен жазатайым оқиғалар болмас үшін үйдегі жағдайдың қауіпсіздігін; балаға дұрыс көңіл бөлмеу, қатыгездік және зорлық-зомбылық белгілерін бағалайды;
  - жаңа босанған ананың көңіл-күйін, жалпы жағдайын бағалау (шагымдар, сүт безін, дене қозғалысын, тамактану, үйқы, контрацепция);
  - ананы жаңа туған сәбиді дұрыс қарап, құту жайлы ақпараттандырады, кеңес береді және оқытады:
    - 6 айга дейін емшек емізу,
    - 6 айдан бастап қосымша тамақ беру,
    - температуралық режим,
    - баланың дамуына көңіл бөлу,

- бала тәрбиесімен әке мен ана бірге айналысуы тиіс (екеудің бірге болса),
  - жеке гигиена мен қолды жуу,
  - шомылдырғанда қауіпсіздік шарттарын сақтау,
  - оқыс оқиғалар мен жазатайым өлімнің белгілерін ескерту,
  - кіндік пен тері күтімі,
- отбасы мүшелеріне қауіпті аурулардың белгілерін ескереді:
  - емізгенде қандай да қыындық туса,
  - сәбидің белсенеңділігі төмендесе,
  - тыныс алу жиілігі минутына 60-тан асса,
  - тыныс алуы қыындаста,
  - ден температураның төмендеуі,
  - құрысу,
  - қалтырау
  - жәтмел,
  - диарея,
  - температура және басқалар;

Уақытылы вакцинация жасауға көмектеседі;

- қосымша көмекке мүқтаж жаңа туған нәрестелерді анықтайды және оларға арналған жеке күтімді жоспарлайды. Бұл:
  - дене салмағы төмен туған балалар,
  - ауру балалар немесе АИТВ жүқтывырган аналардан туғандар.

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- баланың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне және дамуына қауіпті әлеуметтік қатерлерді анықтау үшін алғашқы бағалау жүргізеді және қажет болса амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін әлеуметтік қызметкерге хабарлайды;
- Медбике әлеуметтік қызметкермен, психологпен бірлесіп және баланың ата-анасының немесе

баланың заңды өкілінің қатысуымен баланың өміріне, денсаулығына, дамуына және қауіпсіздігіне қатер төндіретін қатерлерді азайту немесе жою үшін патронаждық бақылау іш-шараларының жеке жоспарын жасайды.

### **СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЫ БАР ПАЦИЕНТТЕРГЕ:**

- пациент төмендегі үш құжаттың бірінің негізінде тіркелген жері бойынша динамикалық бақылау үшін есепке алынады:
- учаскелік дәрігердің қорытындысы;
- бейінді маманның консультативтік қорытындысы;
- науқастың стационарлық медициналық картасына қарап;
- динамикалық бақылау аурудың асқынуын дер кезінде анықтауга, оның алдын алуға көмектеседі;
- медбике пациентті есепке алар алдында тексереді, науқасты медбикенің және учаскелік дәрігердің, бейінді маманның, зертханалық және медициналық құралдардың көмегімен жасалатын зерттеулердің қорытындысы, бақылау мерзімі туралы хабардар етеді, салауатты өмір салтын сақтау жайлы кенес береді, келесі келетін күнін хабарлайды;
- учаскелік дәрігердің міндеті:
- аурудың анамнезін және шағымдарын жинау, жазу;
- пациентті физиологиялық тексеру;
- диагностикалық зерттеулер нәтижелерін бағалау;
- пациентпен бірге әзірленген жеке емдеу жоспары мен пациенттің өзін-өзі бақылау күнделігін орындау мониторингі;
- науқастың өзіне-өзі көмек көрсетуін бағалау;

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- созылмалы инфекциялық емес ауруларды (темекі шегу, дененің артық салмағы немесе семіздік, дене белсенділігінің төмендігі, дұрыс тамақтанбау, алкогольді шамадан тыс тұтыну) асқындырмау үшін профилактикалық кеңес беру;
  - өмірге қауіп тәндіретін аурудың асқынуы (жағдайдың) немесе оның қауптілігі жоғарылаған жағдайда сақталатын ережелерді және уақытылы жедел медициналық жәрдем шақыру қажет екенін түсіндіру;
  - медициналық-элеуметтік сараптамаға жіберу үшін құжаттарды ресімдеуге кеңес беру;
  - медициналық оңалтуға жолдама;
  - аурудың асқыну және өршу белгілері анықталған кезде стационарды алмастыратын және (немесе) стационарлық емге жіберу.
- 
- Пациент үш созылмалы ауру бойынша ауруларды басқару бағдарламасына (АББ)қатыса алады:

Артериялық гипертензия

Созылмалы жүрек ауруы

2 типті қант диабеті

пациентті жеке күнделігі арқылы өзін-өзі басқаруға, өз-өзіне көмек көрсетуге үйрету;

күнделік, электрондық денсаулық сақтау жүйесіндегі АББ арқылы пациенттің денсаулығын үздіксіз бағалау;

әңгімелесу арқылы пациентпен кері байланыс орнату;

бейінді

мамандардан

құралған

мультидисциплинарлық

топ

құру.



### **АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯҒА шалдыққандарды тексеру:**

- Пациентке орташа және төмен деңгейде қауіп төніп тұрса, мейірбіке науқасты 3 айда 1 рет тексереді, жоғары немесе өте жоғары қауіп төніп тұрған жағдайда медбике пациентті айына 1 рет тексереді;

- Пациентке орташа және төмен деңгейде қауіп төніп тұрса, участекелік дәрігер науқасты 3 айда 1 рет тексереді, жоғары немесе өте жоғары қауіп төніп тұрған жағдайда участекелік дәрігер пациентті айына 1 рет тексереді;

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- Жылына 1 рет несептің жалпы талдауы, тығыздығы төмен липопротеидтерді анықтау үшін қанның биохимиялық талдауы және электрокардиография тапсырылады;
- Екі жылда 1 рет артериялық қысымға (24 сағат) және эхокардиографияға тәуліктік мониторинг.

---

### **ЖҮРЕКТЕ АҚАУ БОЛСА:**

- Медбике 3 айда 1 рет тексереді;
- Участекілік дәрігер 6 айда 1 рет, кардиолог жылына 1 рет тексереді;
- 6 айда 1 рет тығыздығы төмен липопротеидтер анықталады және эхокардиография жасалады;
- Жылына 1 рет электрокардиограмма (24 сағат) және тредмил тест (ишемия кезінде), креатинин, электрокардиограмма, эхокардиография, кен офтальмоскопия, электромиография (жүрек жеткіліксіздігі кезінде) жасалады;
- 3 айда 1 рет қандағы гликирленген гемоглобин тексеріледі.

---

### **ЕРЕСЕКТЕР ҚАНТ ДИАБЕТИНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА:**

- Медбике 3 айда 1 рет қарайды;
- Участекілік дәрігер 6 айда 1 рет тексереді;
- Эндокринолог дәрігер жылына 1 рет тексереді;
- 3 айда 1 рет гликацияланған гемоглобин мен креатинин, липидтік спектрді анықтау үшін қанның биохимиялық анализі тапсырылады;
- Жылына 1 рет офтальмоскопия және электромиография жасалады.

---

### **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ДЕҢГЕЙІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТИН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР, ЭКСПРЕСС-ДИАГНОСТИКА**

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК (МСАК)**

- МСАК маманының қорытындысы бойынша пациентті консультативтік-диагностикалық тексеруге, сонымен қатар, күндізгі, тәулік бойғы стационарға және амбулаториялық жағдайда емделуге болады.
- Кез келген адам дәрігерге қаралғандағы және түрлі тексерудің қорытындысы сақталатын **ПАЦИЕНТТИҢ ЖЕКЕ КАБИНЕТИНЕ** кіре алады.

**Медициналық көмекке қатысты кез келген мәселе бойынша бірынғай байланыс орталығының телефонына (call-center) хабарласуға болады:**

**1406**

**ОРТАЛЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЫ ТӘУЛІК БОЙЫ КЕҢЕС БЕРЕДІ**

Әрбір медициналық ұйымда пациентті қолдау қызметі жұмыс істейді, оның байланыс телефондары мекемедегі тіркеу орны, қабылдау бөлімі сынды көзге көрінетін жерлерде ілулі тұрады.